

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының
2024 жылғы I жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының негізгі қызметі 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Негізгі бағыттардың бірі – **дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу.**

2024 жылдың қаңтарында орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы жаңа білім беру бағдарламасы бекітілді және ҚР Әділет министрлігі Ұлттық зияткерлік меншік институтының авторлық куәлігі алынды.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары негізінде есепті кезеңде бюджеттік қаржыландыру шеңберінде:

- 2024 жылға жоспарланған **400** мектепке дейінгі білім беру дене шынықтыру нұсқаушыларынан **300 (75%) тыңдаушы;**

- 2024 жылға жоспарланған орта білім беру ұйымдары бойынша жоспарланған **5 393** дене шынықтыру педагогінен **2 460 (45,6%) тыңдаушы;**

- 2024 жылға жоспарланған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бойынша жоспарланған **453** дене шынықтыру педагогінен **230 (51%) тыңдаушы курстан өтті.**

Бүгінгі таңда Орталықтың **380** лектор-тренер Біліктілікті арттыру курстарында дәріс береді. Профессорлық-оқытушылық құрамының 19% ғылым кандидаттары мен докторларынан, PhD докторлардан; 41% магистрлерден, 26% педагог-шеберден, педагог-зерттеушілерден, колледж оқытушыларынан және 14% төрешілерден, жаттықтырушылардан, әдіскерлерден тұрады. Өткен жылы дәріскерлердің жалпы саны **314** болды.

Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында форматта оқыту семинарлары өткізілді:

- орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне арналған «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша 292 лектор-тренер қазақ және орыс тілдерінде (2024 жылғы 6 -12 ақпан);

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері үшін «Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша 138 лектор-тренер қазақ және орыс тілдерінде (2024 жылғы 12-15 наурыз);

- өңірлердегі дене шынықтыру орталықтарының директорлары мен орынбасарларына арналған (2024 жылғы 15-19 сәуір), сондай-ақ аудандық

әдістемелік кабинеттердің/орталықтардың дене шынықтыру жөніндегі әдіскерлеріне арналған (2024 жылғы 22-26 сәуір) үшін «Дене шынықтыру» пәнін оқытудағы заманауи тәсілдер: құқықтық аспектілер, әдістеме және практика» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. 201тыңдаушы қамтылды.

Өткен жылмен салыстырғанда лекторлық-тренингтік құрамның сандық және сапалық құрамы едәуір өсті.

Сонымен қатар, курстан кейінгі сүйемелдеу үнемі өткізіліп тұрады және 2021-2023 жылдары біліктілікті арттыру курстарынан өткен дене шынықтыру педагогтеріне консультативтік-әдістемелік көмек көрсетіледі: семинар-тренингтер, шебер-сабақтар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және т. б.

Келешекте орта білім беру ұйымдарының бастапқы әскери және техникалық даярлығын ұйымдастырушы оқытушылар үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу мақсатында ҚР Қорғаныс министрлігінің «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығымен» ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

«Балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығының мониторингі: ұлттық өлшеу құралдарын модификациялау» жобасын іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу қызметі жүргізілді. Есепті кезеңде оқушылардың физикалық дамуы мен дене дайындығын бағалау бойынша зерттеу материалдарын жинау үшін еліміздің 6 өңіріне ғылыми іссапарлар ұйымдастырылды. 2024 жылдың I жартыжылдығында мектеп жасындағы 1489 баланың (неше жастағы) физикалық дамуы мен дене шынықтыру параметрлері жинақталды.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін сапалы оқыту саласындағы проблемаларды зерделеу және дене шынықтыру педагогтеріне өткізілетін курстарға қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушыларына сауалнама жүргізілді және олардың нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар жасалды.

Орталықтың 25 жылдығына (2025 жылғы 19 мамыр) орай ұйым тарихы бойынша мерейтойлық кітап шығаруға материалдар жинақталуда. Бірінші жартыжылдықта Ғылыми кеңестің және оқу-әдістемелік кеңестің екі отырысы өткізілді.

Ғылыми-әдістемелік бағыт саласында:

- 1) жазғы сауықтыру лагерінде балалардың демалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар жинағы (54 бет) (қазақ/орыс тілдерінде);
- 2) мектеп оқушылары арасында дене шынықтыру Олимпиадасының нәтижелерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар (қазақ/орыс тілдерінде);
- 3) пәндік олимпиада бойынша 5-6,7-8 сынып оқушыларына арналған тест тапсырмалары (қазақ/орыс тілдерінде).

«Дене шынықтыру жаршысы» ғылыми-практикалық журналының 2024 жылғы екі саны жарық көрді.

- «Дене тәрбиесі жаршысы» ғылыми-практикалық журналы үздік педагогикалық практиканы жариялау үшін ұсынылған басылымдардың тізіміне енгізілді. Бұл біздің еліміздегі дене тәрбиесі мен спорт саласындағы білім беру мен ғылыми жетістіктерді кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес 2024 жылғы 29 мамыр мен 1 маусым аралығында Алматы қаласында дене шынықтыру бойынша кезекті республикалық пәндік олимпиада өтті, оған 10 өңірден жалпы білім беретін мектептердің 5-8 сыныптарының 170 оқушысы – «дене шынықтыру» пәні бойынша олимпиаданың екінші кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысты.

Олимпиада қорытындысы бойынша білім алушылар арасында:

- 5-6 сыныптар арасында I орын – Алматы қ. оқушылар командасы (175,8 балл), II орын – Жетісу облысы (148,9 балл), III орын-Қарағанды облысы (142,9 балл);

- 7-8 сыныптар I орын – Алматы қ. білім алушылар командасы (198,2 балл), II орын – Жетісу облысы (178 балл), III орын – Абай облысы (169,9 балл).

Биылғы жылы Қазақстан оқушыларының XII жазғы Гимназиадасы 2 маусым мен 28 тамыз айлары аралығында 23 спорт түрінен 52 жарыс өткізіледі, онда төрт жас тобы қатысады, атап айтқанда 16-18, 13-15, 10-12 және 7-9 жас аралығындағы мектеп оқушылары, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Щучинск, Өскемен, Лисаковск (Қостанай облысы), Павлодар, Орал, Түркістан және Байсерке ауылы (Алматы облысы), сондай-ақ ұлттық түрлерді жоғары деңгейде өсіру және танымал ету үшін ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар енгізілді. Қазақстан Республикасы оқушыларының гимназиясы Бүкіләлемдік гимназияда спорт түрлері бойынша құрама команданың қатысуындағы оқушылар үшін іріктеу кезеңі болып табылады. **3 маусым - 4 шілде аралығында 3276 оқушы қамтылды.**

2015 жылдан бастап бұқаралық спорттық іс-шаралардың бірі болып табылатын «Ұлттық Мектеп лигасы» кең ауқымды жобасы іске асырылуда. Биыл Ұлттық Мектеп лигасының республикалық кезеңі маусым айында Семей қаласында 5-6 сынып оқушылары арасында, Астана қаласында 7-8 сынып оқушылары арасында басталды, ал 9-11 сынып оқушылары арасында жарыс шілде айында Қызылорда қаласында он спорт түрінен 41 жарыс өтеді, оның ішінде 17 жарыс өтті, онда 2 жарыс қатысты Ұлттық спорт, футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі және жеңіл атлетикадан оқушылар өз шеберліктерін, педагог тренерлер өз дайындықтарының жоғары деңгейін көрсетуде. Жылдан жылға ұлттық мектеп лигасына қатысушылар саны артып келеді. **3 маусым – 4 шілде аралығында 3506 оқушы қамтылды.**

Осы жылдың 2-5 шілде аралығында International Jump Rope Union ережелеріне сәйкес Көкшетау қаласында Джамп роуп және Роуп скиппинг

жарысы өткізілуде. 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында өткізіліп отырған республикалық сайысқа 5 облыстан 54 оқушы қатысуда; Өңірлерде өткізіліп отырған XII жазғы Гимназиадасы, Ұлттық мектеп лигасы мен Джамп роуп және Роуп скиппинг жарысына **2024 жылдың 3 маусым – 4 шілде аралығында жалпы саны 6836 оқушы қатысты.**

2024 жылғы 26 шілдеден 11 тамызға дейін Францияның Париж қаласында өткен XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан қатысатын спортшыларды қолдау мақсатында орталық бұқаралық-спорттық және ойын-сауық сипаттағы іс-шаралар өткізілген барлық білім беру ұйымдарында «Олимпиада ойындарына дейін 100 күн» тұжырымдамасына сәйкес бір апталық акция ұйымдастырды.

Акцияның соңғы күні 17 мамырда ҚР оқу-ағарту министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдарымен («Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы, балаларды ерте дамыту институты, Талап біліктілікті арттыру орталығы) бірлесіп Әбу-Даби Плаза көпфункционалды кешенінің алаңында спорттық-жарыстық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ұлттық мектеп лигасы аясында Астана қаласында 7-8 сыныптар арасында, 22 маусымда еріктілермен бірлесіп, Астана қаласына жарысқа қатысуға келген 400 оқушыға Астана қаласының көрнекті бұқаралық-мәдени орындары – Ұлттық музей, Нұр-Әлем Экспо павильоны, Ақорда, Бәйтерек бульвары бойымен танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Алматы қаласына жарысқа келген 500 оқушыға Медеу мен Көк-төбенің көрікті жерлеріне экскурсиялар өткізілді (28 маусым Алматы қ.).

Орталықтың ресми сайты мен әлеуметтік желілеріне Instagram / Facebook / TikTok / YouTube әлеуметтік желілеріне жыл басынан бері 419 материал (пост, бейнеролик, суреттер) жарияланды. Өңірлерде өткізіліп отырған біліктілікті арттыру курстары мен жарыстарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары да материалдар жариялауда.

Бас директордың м.а.

С. Куптилеуова